

Шектеу іс- шараларын алу және Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 11 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 5248 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № ВО 3-4/89 ұсынысы негізінде Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің Қаратал ауылы аумағында ұсақ мүйізді малдарының арасынан пастереллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық - санитарлық іс – шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 11 "Шектеу іс –шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5107 болып тіркелген, 2016 жылы 3 қарашада "Ойыл" газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі

А. Мубараков